

**«Жеті Қазына» жеке бөбекжай балабақшасы мекемесі**

# **«Жеті Қазына»**

**жеке бөбекжай балабақшасы мекемесінде  
2022-2023 оқу жылында атқарылған  
оқу-тәрбие жұмысының жылдық есебі**

Әдіскер: Т.Түкібай

Қызылорда қаласы, 2023 жыл

## **«Жеті Қазына» жеке бөбекжай балабақшасы мекемесінің 2022- 2023 оқу жылындағы негізгі мақсат-міндеттері**

### **Мақсаты:**

1.Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруды ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асыру.

2.Кітап бұрышын ұйымдастыру және онда күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, дамыту, балалардың өз бетінше шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін сомдауға мүмкіндік беру.

3.Ойын түрлерін тәрбиелеу-білім беру процесінде кеңінен қолдану

**Міндеттері:** 1) 2022-2023 оқу жылы барысында нормативтік құқықтық қаулыларды басшылыққа алып жұмыс жасау .

2) Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін игеріп, басшылыққа алып жұмыс жасау;

3) Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы белгіленген негізгі міндеттер мен қамтитын мынадай бағыттарды жүзеге асыру:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

### **Күтілетін нәтиже:**

1. Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

3. Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, ол үшін топта немесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыруға болады. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік беріледі.

4. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

## **«Жеті Қазына» жеке бөбекжай балабақшасы мекемесінің 2022- 2023 оқу жылындағы жұмысы туралы қысқаша мәлімет**

«Жеті Қазына» жеке бөбекжай балабақшасы мекемесі Қызылорда қаласы, Арай шағын ауданы, Төлеген Айбергенов көшесі, №2 үй мекен-жайында орналасқан. Балабақша сыйымдылығы 215 балаға арналып, 9 топты құрайды. Балабақша 2009 жылдың 21 қаңтарында мемлекеттік лицензиясын алған. Музыка мен дене шынықтыруға біріктірілген акт залы бар. Логопед, шахмат, психолог жеке кабинеттері бар.

Балабақшамыз Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бойынша тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда. Осы міндеттерді іске асыруда балабақшамызда 20 педагог жұмыс атқарады. Атап айтсақ, меңгеруші, әдіскер, педагог-ұйымдастырушы, педагог-психолог, музыкант, хореограф, логопед, шахмат, қолөнер үйірмесінің жетекшісі, ағылшын тілі үйірмесінің жетекшісі және 11 тәрбиеші бар. Олардың ішінде педагог-зерттеуші – 1, педагог-сарапшы – 3, педагог-модератор – 10. Биылғы оқу жылы санаттылар қатары толысуда. Сарапшы санатына Сүйеубаева Б өтті. Модераторға Аманбаева Г, Дүйсенәлі А, Ордабаева Г өтті.

Биылғы оқу жылының ауқымды атқарылған істеріне тоқталайық. Балабақшамыз жыл сайын қалалық семинарлар мен әдістемелік күндер жыл сайын өткізіп келеді. Биыл 2022 жылдың 14 қазанында «Балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту» тақырыбында қалалық семинар өттік. 2023 жылдың 15 наурызында “Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделіне сәйкес жекеменшік МДҰ қызметін әдістемелік қолдау” тақырыбында облыстық тәжірибе алаңы балабақшамызда өткізілді. 2023 жылы 12 сәуірде «Заманауи театр түрлері арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту» тақырыбында облыстық тәжірибе алаңын өткізіп, облыстық оқу орталығының жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны үшін арнайы сертификаттарымен, Ерте жастан дамыту институтының Құрмет грамотасымен балабақша әкімшілігі және жұмыс көрсеткен мамандар марапатталды.

Балабақша тәрбиеленушілері мен педагогтары жылдар бойы түрлі байқаулардан жүлделі орындар иеленуде. Ал биылғы оқу жылында, атап айтсақ, 2022 жылы Ұстаз-композитор Сәкен Шынымовтың ән фестиваліне «Жұлдыз» мектепалды тобының тәрбиеленушісі Сейілбек Алуа қатысып, облыстық білім басқарма басшысының арнайы Алғыс хатымен марапатталды. Жетекшісі музыкант Жеңсікбаев Еркебұлан, тәрбиеші Дүйсеева Марал. **2022 жыл Дарынды балалар арасында өткізілген “Дара бала” атты дәстүрлі қалалық фестивальде** жүлделі I орынды «Болашақ» мектепалды тобының тәрбиеленушісі Алберген Айару иеленді. 2023 жылы Халықаралық ҮРКЕР ПОНИ, Тілашар байқауынан «Кұлыншақ», «Ақбұлақ», «Жалын» ортаңғы топтардың, «Аққайың», «Айгөлек» ересек топтың, «Жұлдыз», «Бәйтерек», «Болашақ», «Күншуақ» мектепалды топтардың балалары қатысып, жүлделі I, II, III орындармен иеленді. Биылғы 2022-2023 оқу жылы балабақшамыз үшін жемісті жыл болды деп сеніммен айтамын.

*Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарының бағыттары:  
I. Салауатты өмір салтын қалыптастыру*



## II. Кадрлармен жұмыс

2022-2023 оқу жылында кадрлармен жоспарланған жұмыстар толық атқарылды. Жас мамандарға тәлімгерлер бекітілді. Шығармашылық топ өз көмегін дер кезінде беріп отырды. Әдістемелік кеңес, педагогикалық кеңес, кластердегі әдістемелік бірлестіктер, әлеуметтік бірлестіктер жұмыс, яғни отбасымен өзара ықпалдастық жұмыстары жоспарға сай атқарылды.



Фотода жас мамандар



Педагогикалық кеңес





**Тәжірибе алаңы**



**Ойын арқылы оқыту**

**Оқу-ағарту министрі Ғ.Б.Бисембаевпен балабақшамыздың құрылтайшысы Тлегенова Г.Б,  
менгеруші Ш.Тиынбаеваның кездесу сәтінен**



**Қалалық семинар 14.10.2022ж**



**Аймақ жетекшісі Ерназарова Зафура Шаршыбековна**



**Ашық көрсетілім көрсеткен тәрбиешілер**



**Дүйсева Марал. «Жұлдыз» мектепалды тобы**





**Сүйеубаева Ботакөз. «Бәйтерек» мектепалды тобы**



**Дүйсен Сандуғаш. «Аққайын» ересек тобы**



**Жолдыбаева Гүлжазира. «Болашақ» мектепалды тобы**



**Абдиева Жамила. «Айгөлек» ересек тобы**



**Қаниқызы Аманкүл. «Құлыншак» ортаңғы тобы**



**Тәжірибе алаңы 15.03.2023ж**  
**Облыстық оқу орталығының орынбасары Г.Б.Диханбаева,**  
**МДҰ бөлімінің меңгерушісі Ж.С.Хожбанова, №4 аймақ жетекшісі**  
**З.Ш.Ерназарованың қатысуымен**





Мюзикл. Бейсова Нүргүл.



Су театры. Аманбаева Гүлжайна.



Мата театры. Дүйсен Сандуғаш



**Интерактивті-анимациялық мультфильм. Жолдыбаева Гүлжазира**



**Шахмат айтысы. Алиева Айгүл**



**Саусақ театры – топотушки. Логопед Даубаева Айнұр**



**Бетперде-шоу. Сүйеубаева Ботакөз**



**Неонды-шоу. Ордабаева Гүлназ**



**Балет театры. Әжібекова Балым**

**Комедялық сахналық қойылым.**

Педагогтар шығармашылығы. «Алдаркөсе мен шайтандар»



### III. Білім беру процесін ұйымдастыру

#### АШЫҚ КӨРСЕТІЛІМДЕР.





**БҮЛДІРШІНДЕРІМІЗДІҢ БАЙҚАУЛАРҒА ҚАТЫСУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕН.  
ПЕДАГОГТАРЫМЫЗДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ.**



**Қабылан спорт клубының  
біріншілігінде II орын.  
Шәмбіл Аяділ**



**Дарынды балалар арасында өткізілген “Дара бала”  
атты дәстүрлі қалалық фестивальде  
ЖҮЛДЕЛІ І ОРЫН!  
Алберген Айару**



**Композитор Сәкен Шынымановтың ән фестиваліне тәрбиеленушіміз Сейілбек Алуа қатысып Облыстық басқарма басшысының АЛҒЫС ХАТЫМЕН марапатталды.**



Шара Жиенқұлованың 110 жылдығы құрметіне ұйымдастырылған облыстық би фестивалінде жүлделі II орын. Хореограф Әжібекова Балым





**Осы марапатқа балабақшамыздың 14 педагогы ие болды**



**Осы марапатқа балабақшамыздың 16 педагогы ие болды**

**IV. Әлеуметтік жұмыс**  
**Ата-аналармен өзара ықпалдастық**

**АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ**

